

"Жамбыл облысында АН-2 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 11 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 117 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жамбыл облысында АН-2 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 11 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жамбыл облысында АН-2 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Бижанова Гүлнар Қадыржанқызы	«Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Құқықтық бақылау департаментінің директоры (келісім бойынша)
Тілемісов Төреқожа Төлеубайұлы	«Кәсіп Қазақмыс» тау-кен, металлургия және аралас өндірістері қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*
К. Мәсімов